

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B05210-Экология

Тіркеу номері	6B05200031
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B052 Қоршаған орта
Білім беру бағдарламаларының тобы	B051 Қоршаған орта
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
ББХСЖбойынша деңгейі	6
ҰБШбойынша деңгейі	6
СБШбойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	қазақ
Білім беру бағдарламасының көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (КББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2025 ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы
Абдуова А.А.	т.ғ.к., доцент, "Экология" кафедрасының меңгерушісі	
Кенжибаева Г.С.	т.ғ.к., доцент "Экология" кафедрасының доценті	
Бектурсева Г.У.	т.ғ.к., доцент "Экология" кафедрасының доценті	
Ашитова Н.Ж.	"Экология" кафедрасының аға оқытушысы	
Козыбаев Е.Т.	«Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша экология департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесі. Шымкент қаласы бойынша экология департаментінің басшысы	
Орман А.О.	"Су ресурстары-Маркетинг" ЖШС-нің басшысы	
Пернебаев Ж.Ж.	"KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС-нің БҰЖ бөлімінің басшысы	
Достияров Е.К.	Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының А.Асқаров атындағы «Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы» МКҚК-н басшысы	
Көшбай Д.	ХТ-23-4 тк тобының студенті	

Білім беру бағдарламасы «Химиялық инженерия және биотехнология» ЖМ академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды, «13» 03. 2025ж. №7 хаттама.

АК (комитет) төрағасы

 Дәуренбек Н.М.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды, «18» 03. 2025ж. №№ #4-1 хаттама.

ОӘК төрағасы

 Е.Н.Иманғалиев

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«13» 03. 2025ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1.	Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы.....	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты.....	6
3.	БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері.....	9
3.1	Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы.....	10
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы.....	11
5	Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте.....	51
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	52
7.	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету.....	53
	Келісу парағы.....	55
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	56
	Қосымша 2. Эксперттік қорытынды.....	58
	Қосымша 3. Кәсіби стандарттар.....	60

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау.
Университет құндылықтары	– ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір; – шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады; – академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет; – серіктестік – барлығы жеңіске жететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру; – әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Түлек үлгісі	– пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі дамыту; – жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық-цифрлық сауаттылық және ұтқырлық; – зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект; – кәсіпкерлік, дербестік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік; – жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	бағдарлама жаңа кәсіптер мен құзыреттердің Атласына сәйкес әзірленді және құрылымдық кәсіпорынның қызметін ұйымдастыруға және басқаруға, кәсіби қызметтің мақсаттарын дербес айқындауға, оларға қол жеткізудің әдістері мен құралдарын таңдауға және негіздеуге қабілетті көліктік-логистикалық және ғылыми-педагогикалық құрылымдар үшін компетентті мамандарды даярлауға бағытталған.
Академиялық адалдық және әдеп саясаты	Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды: – Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы); – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (08.01.2025ж. №9-нқ бұйрығы); – Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. ҚР БжҒМ 30.10.2018 ж. №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығымен және ҒжЖБМ 24.06.2024ж. №307 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 3. ҚР БжҒМ 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 4. ҚР БжҒМ 20.07.2022ж. №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 04.03.2025ж. №90 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 5. ҚР БжҒМ 20.04.2011ж. №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» бұйрығымен және ҒжЖБМ 29.04.2024ж. №203 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 6. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж. №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» және 20.06.2024ж. №207 бұйрығымен жаңа

	редакцияда бекітілген 7. Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығына қосымша 8. ҚР ҒЖЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, 04.05.2023 жылғы № 601 н/к бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген
Білім беру процесін ұйымдастыру	– Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру; – Студентке бағытталған оқыту; – Қол жетімділік; – Инклюзивтілік.
БББ сапасын қамтамасыз ету	– Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі; – ББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту; – жүйелі мониторинг; – Мазмұн өзектілігі (жаңарту).
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17650 болып тіркелді.
Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары	Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плитканы, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Табиғат пен табиғи ресурстардың жай-күйін талдауға қабілетті, экологиялық сараптаманың тиімді әдістерін меңгерген, сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау саласында сұранысқа ие мамандарды даярлау.
БББ міндеттері	– қоғамдағы әлеуметтік жауапты мінез-құлықты тәрбиелеу, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы нормаларды сақтау; – өмір бойы оқу дағдылары мен дағдыларымен қамтамасыз ету, бұл олардың кәсіби мансабының барлық кезеңінде өзгеретін жағдайларға сәтті бейімделуге мүмкіндік береді; – дамудың жоғары жалпы зияткерлік деңгейіне жету үшін жағдай жасау, сауатты және дамыған сөйлеуді, ойлау мәдениетін және қоршаған ортаны қорғау саласындағы еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын игеру; – жаңа ақпаратты іздеуге және алуға, сондай-ақ кәсіпорын немесе ұйым қызметіне белсенді қатысуға қабілетті мамандарды даярлау; – сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; • 6 -шы біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары ; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ-ның кәсіби саламен байланысы	Білім беру бағдарламасы стейкхолдерлер талаптарын ескерумен түзетілген ғылыми-зерттеу, практикалық және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысты кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған. 1. "Гидрометеорология және экология" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 62-Ө бұйрығы 2. "Сот экологиялық сараптамасы" кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2024 жылғы 23 қазандағы № 60 бұйрығына 2-қосымша 3. Кәсіби стандарт: "Ормандарды молықтыру және орман өсіру" кәсіби стандарты Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 2019.12.26 №263 бұйрығына №10 қосымша; 4. Кәсіби стандарт Геоэкологиялық зерттеулер (Геоэколог) №128 22.08.2023 ж.; 5. «Топырақтың сот сараптамасы» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы № 60 бұйрығына 14-қосымша).
Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 6B05210-«Экология» білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану бакалавр дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	6B05210-«Экология» БББ бойынша бакалаврлар инженер-эколог, орман дақылдары жөніндегі инженер және ағынды суларды тазалау инженері, техник-эколог, ғылыми-зерттеу экологиялық мекемелерінде, зерттеу зертханаларында қалдықтарды өңдеу және сұрыптау жөніндегі оператор қызметтерін, педагогикалық салада атқара алады, сонымен қатар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 21 мамыр 2012 жылғы №

	201-ө-м бұйрығымен бекітілген, басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер қызметінің Біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес барлық экологиялық ұйымдарында жұмыс өтіліне талап қойылмайды.
Кәсіби қызмет саласы	6B05210-«Экология» БББ бойынша кәсіптік қызмет ету аймағына өндірістік, басқарушылық, ғылыми-зерттеу және білім беру саласы, мониторингтің экологиялық қызметі, қоршаған орта сапасын бақылау мен адам денсаулығы жатады.
Кәсіби қызмет нысандары	6B05210-«Экология» БББ бойынша бітірушілердің кәсіби қызметінің нысандары: облыстық және қалалық экология департаменттері, аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармалары, ұлттық саябақтар, қорықтар, арнайы қорықтар, биосфералық резерваттар, өнеркәсіптік кәсіпорындар, агроөнеркәсіптік кешендер, полигондар, энергетика нысандары, орта арнайы оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен экоорталықтар болып табылады.
Кәсіби қызмет пәндері	6B05210-«Экология» БББ бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің пәні: табиғи және урбанизацияланған экожүйелер және олардың құраушылары; биосфера және оның құраушылары; экологиялық мониторинг және маркетинг; қоршаған ортаның жай-күйін талдау, тексеру және бақылау; болжамдық модельдерді құру; қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару және консалтингтік қызметтер; экологиялық білім беру және тәрбиелеу.; технологиялық процестерде және жаңа кәсіпорындарды, елді мекендерді жобалау кезінде экологиялық талаптарды сақтау, экономиканың түрлі салаларында табиғатты қорғау іс-шараларын жоспарлау және жүзеге асыру, ҚОӘБ және экологиялық аудит жүргізу.
Кәсіби қызмет түрлері	6B05210-«Экология» БББ бойынша бакалавр келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады: – ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі; – өндірістік-технологиялық; – қызмет көрсету-пайдалану; – тәжірибелік-зерттеу; – білім беру (педагогикалық); – жобалық.
Оқу нәтижелері	ОН1 Академиялық адалдық қағидаттарын және академиялық жазу мәдениетін ескере отырып, кәсіби ортада және қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін қарым-қатынас жасау. ОН2 Дүниетанымдық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, ғылыми және эксперименттік зерттеу әдістерін қалыптастыру негізінде әлеуметтік-мәдени, кәсіби дамуды көрсету. ОН3 Ақпараттық және компьютерлік сауаттылыққа ие болу, тәжірибе жасау кезінде кәсіби бағдарламаларды пайдалану. ОН4 Экологиялық білім беру мен ағарту жұмыстары үшін экология негіздерін, Тұрақты даму принциптерін терең зерттеуге негізделген ойлаудың тұтастығын көрсету. ОН5 Жануарлар, өсімдіктер және биогеография экологиясының теориялық және практикалық мәселелерін, биоиндикациялық зерттеулерді және биосфераны ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлеріндегі биоалуантүрлілікті сақтау, талдау және бағалау әдістерін, тірі табиғаттың тұрақтылығы мен өнімділік принциптерін және оны антропогендік факторлардың әсерінен оңтайландыру жолдарын талқылау. ОН6 Қоршаған ортаның жай-күйі, мемлекеттік экологиялық мониторингті

	ұйымдастыру, климаттың өзгеруі, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қалдықтарды кәдеге жарату әдістері туралы геоақпараттық жүйелердің деректерін талдау негізінде экологиялық қауіпсіздікті бағалау.
	ОН7 Кәсіби қызметте экологиялық сараптама, сот-сараптама қызметі саласындағы экологиялық заңнама қағидаттарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ пайдалы қазбаларды пайдалануды геоэкологиялық бағалау нәтижелерін пайдалану.
	ОН8 Қоршаған ортаның жай-күйі туралы деректерге кешенді талдау жүргізу, экологиялық жағдайдың өзгеруін болжау және құрылыс аумағының және оған іргелес табиғи объектілердің ластануын азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.
	ОН9 Болжау үшін нейрондық желілік модельдерді қолдана отырып, қалалар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың экологиялық жағдайын бағалау үшін ластаушы заттардың ШРК және ШРК-ға таралуын, сондай-ақ қоршаған ортаға экологиялық залалды есептеу.
	ОН10 Су объектілеріне экологиялық жүктемені азайту және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша тазарту құрылыстарының жұмысын оңтайландыру үшін ЖИ пайдалана отырып ағынды суларды тазарту жөніндегі іс шаралар кешенін әзірлеу.
	ОН11 Қалдықтарды қайта өңдеудің жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу негізінде экологиялық көрсеткіштерді жақсарту, өндірістердің қолданыстағы технологиялық схемаларын, қалдықтардың пайда болу көздерін, санитарлық нормалар мен ережелерді ауыстыру немесе жақсарту жолдарын іздеу үшін жасанды интеллектті пайдалану, қалдықтарды жинау, есепке алу және кәдеге жарату бойынша қалдықсыз және қалдықсыз технологияларды құру бойынша табиғатты қорғау іс-шараларын ұсыну.
	ОН12 Зерттеу, кәсіпкерлік және көшбасшылық дағдылар мен өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қолдана отырып, жеке және командада тиімді жұмыс істеу.

3. БББ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ (SOFTSKILLS).	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	ЖҚ1.1. Таңдаған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті. ЖҚ1.2. Кәсіби салада ойын, сезімін, фактілер мен пікірлерін айта білу. ЖҚ1.3. Заманауи әлемде ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	ЖҚ2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құра білу қабілеті.
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	ЖҚ3.1. Кәсіби міндеттерді шешуде жоғары оқу орнында математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу барысында алған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдана білу қабілеті мен дайындығы.
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	ЖҚ4.1. Өмірінің барлық салаларында мен кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту қабілеті. ЖҚ4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет ресурстарын, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлттық және мобильді қызметтерді пайдалану қабілеті.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмір салтына бағдарлау қабілеті. ЖҚ5.2. Азаматтық пен адамгершіліктің көрінісі негізінде әлеуметтік-мәдени дамуға қабілеті. ЖҚ5.3. Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби табысқа жету үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті. ЖҚ5.4. Оқу, жұмыс кезінде, үйде және бос уақытта барлық әлеуметтік-мәдени контексттердің әртүрлілігінде табысты өзара әрекеттесу қабілеті. ЖҚ5.5. Мәдениетаралық қарым-қатынас пен инклюзия жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	ЖҚ6.1. Әртүрлі ортада шығармашылық және іскерлік көрсету қабілеті. ЖҚ6.2. Белгісіздік режимінде және тез өзгертін мақсат жағдайында жұмыс істеу, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және өзінің уақытын басқару қабілеті. ЖҚ6.3. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті	ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті. ЖҚ7.2. Әлемнің басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARDSKILLS).	
Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теориялық білімдер және тәжірибелік дағдылар,	КК1– Мониторинг әдістерін қолдану, жасанды интеллектті қолдана отырып, өндірістің әртүрлі салаларындағы жағдайларды талдау, командадағы жұмысты жетілдіру мақсатында басқаларды оқытуды қамтитын басқару процестерінде шығармашылық көзқарас пен

қабілеттер	бастаманы көрсету қабілеті. Қауіпті және зиянды факторларды анықтау қабілеті жасанды интеллектті қолдана отырып, өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дәл және уақтылы мәліметтер жинау.
	КК2 – Аймақ кәсіпорындарының өнеркәсіптік шығарындыларының экологиялық зиянын бағалау және нәтижелерін халыққа хабарлау қабілеті. Экология салаларында мемлекеттік және халықаралық стандарттарды қолдану қабілеті.
	КК3– Мониторинг әдістерін қолдану, жасанды интеллектті қолдана отырып, өндірістің әртүрлі салаларындағы жағдайларды талдау, командадағы жұмысты жетілдіру мақсатында басқаларды оқытуды қамтитын басқару процестерінде шығармашылық көзқарас пен бастаманы көрсету қабілеті. Қауіпті және зиянды факторларды анықтау қабілеті жасанды интеллектті қолдана отырып, өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дәл және уақтылы мәліметтер жинау.

3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
ЖҚ 1	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ 2	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ 3	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ 4	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ 5	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ6	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ7	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
КК1	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
КК2	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+	+
КК3	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

4 Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы

оуль атауы	Цикл	компонент	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын ОН(кодтар)											
						ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
Қоғамдық ғылымдар негіздері	ЖБП	МК	Қазақстан тарихы	<u>Мақсаты:</u> Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихының объективті білім беру. <u>Мазмұны:</u> Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері.	5	V	V										
	ЖБП	МК	Философия	<u>Мақсаты:</u> Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.	5	V	V										

				<u>Мазмұны:</u> Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.													
Әлеуметтік-саяси білімдер	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	<u>Мақсаты:</u> Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру мақсаты, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру. <u>Мазмұны:</u> Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қақтығыстық жағдайларды шешу жолдары. Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, әлеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну.	4	V	V										

				Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу. Әлеуметтену, бірегейлік және девиантты мінез-құлық; инклюзивті тәсілдің рөлі.													
ЖБП	МК	Мәдениеттану және психология	Мақсаты: тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері. Қазіргі қоғамдағы инклюзивті мәдениеттің әлеуметтік-психологиялық негіздерімен дамуы. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды кәсіби бейімдеудің психологиялық ерекшеліктерімен шарттары. Психологиялық қолдау және толеранттылық – ерекше қажеттіліктері бар	4	V	V											

				адамдардың әлеуметтік интеграциясы ретінде. Қазіргі қоғамдағы ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың өзара іс-әрекетіндегі әлеуметтік-психологиялық кедергілер.													
Әлеу метті к-этник алық даму	ЖБП	ТК	Экожүйе және құқық	<u>Мақсаты:</u> Қоғамның тұрақты дамуына қол жеткізу үшін экономика, құқық, экология және тіршілік қауіпсіздігі, ғылыми зерттеу әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Қазақстанның тұрақты даму мақсаттары шеңберінде ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экологиялық мәселелер мен тұрақты даму принциптерін жүйелі түсіну. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Жасанды интеллекттің құқықтық негіздері.	5	V	V										
	ЖБП	ТК	Кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық	<u>Мақсаты:</u> Қаржылық әл ауқатқа жету үшін маңызы бар жеке және отбасылық қаржылық ресурстарды басқаруды, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруды дағдыларын оқыту. <u>Мазмұны:</u> Кәсіпкерлік: мәні, мазмұны қалыптасу шарттары. Кәсіпкерліктің ұйымдастыру-құқықтық түрлері.		V	V		V								

			Кәсіпкерліктегі тәуекелділік. Кәсіпкерліктегі бизнес-жоспарлау. Кәсіпкерлік келісімдерді ұйымдастыру. Кәсіпкерліктегі мәдениет және этика. Кәсіпкерлік қызметің қаржыландыру. Қаржылық сауаттылық түсінігі, мақсаттары мен міндеттері. Ақша, есеп айырысу және төлемдер. Жеке қаржы: кіріс, шығыс, бюджет. Салықтар және жеке тұлғаларға салық салу. Зейнетақылар және сақтандыру. Халыққа банктік қызмет көрсету. Жеке тұлғалардың банкроттығы және қаржылық тәуекелдер. Қаржылық пирамида және жеке қаржылық қауіпсіздік.													
БП	ТК	Абайтану	<u>Мақсаты:</u> А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «ұлттық кодты» сақтау мен дәріптеу <u>Мазмұны:</u> ХІХ-ХХғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы ХХ-ХХІ ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан ХХІ ғасырда» маңыздылығы	3	V	V										
БП	ТК	Мұхтартану	<u>Мақсаты:</u> М.Әуезовтің әдеби-тарихи		V	V										

			шығармашылығы туралы әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру. Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын дамыту. <u>Мазмұны:</u> М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестеріне, «Абай Құнанбаев» монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау.														
БП	ТК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	<u>Мақсаты:</u> сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа саналы көзқарасты қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқынан, сыбайлас жемқорлық моралінен, этикасынан адамгершілік тұрғыдан бас тарту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын жасау. Сыбайлас жемқорлыққа	V	V												

				қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату. Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен әлеуметтік шығындарды сезінуге, өз ұстанымын дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған қызмет. Сыбайлас													
	БП	ТК	Жасанды интеллект негіздері	<u>Мақсаты:</u> AI-Sana бағдарламасының басымдықтарын ескере отырып, жасанды интеллект құралдары мен әдістерін практикалық қолдану және білімді пайдалану саласында құзыреттіліктерді қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Жасанды интеллектке (AI) кіріспе. Практикалық дағдылар мен дағдыларды дамыту: AI құралдарын қолдану; үлкен тілдік модельдермен (LLM) жұмыс істеу; кодсыз жасанды интеллект платформаларын пайдалану; генеративті жасанды интеллект құралдары; кескінді тану; табиғи тілді өңдеу (NLP); AI көмегімен деректерді визуализациялау. Өртүрлі салаларда AI қолдану туралы түсінікке ие болу; AI-sana бағдарламасының тәсілдерін интеграциялау арқылы AI әлеуетін ашу.			V	V								V	V
Коммуникация және дене мәдениеті	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	<u>Мақсаты:</u> қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді. <u>Мазмұны:</u> A1, A2, B1, B2-1, B2-2 (B2, C1	10	V											

				орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.												
ЖБП	МК	Шетел тілі	<u>Мақсаты</u> – А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы еуропалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы еуропалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді.. <u>Мазмұны.</u> А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік	10	V											

				материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.													
ЖБП	МК	Дене шынықтыру	<u>Мақсаты:</u> кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне. <u>Мазмұны:</u> Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А. Стрельникова, к. Бутейко, к. Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика.	8		V											
БП	ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	<u>Мақсаты:</u> кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсатта тіл нормаларын меңгерген маманның кәсіби бағдарланған тілдік даярлығын қамтамасыз ету. <u>Мазмұны:</u> Кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми	3	V	V											

				стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді құрастыру және талдау бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері.													
	БП	ЖК	Кәсіби бағытталған шетел тілі	<u>Мақсаты:</u> А2 жеткілікті деңгейде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілді білім беру процесінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> АКТ саласында кәсіби бағытталған шет тілі қолданылады. Бағдарламалау, мәліметтер базасын әзірлеу, желілік технологиялар, Big Data, DB, Machine Learning құралдарын ағылшын тілінде қолдану мәселелері зерттелуде. Шет тілінде акт әзірлемелерін талдау, жобалау, іске асырудың практикалық дағдылары.	3	V	V										
	ЖБП	МК	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	<u>Мақсаты:</u> ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін дамыту, жаңа "сандық" ойлау. <u>Мазмұны:</u> Компьютерлік жүйелерге кіріспе және архитектурасы. Бағдарламалық	5			V									

				камтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Деректер базасының жүйесі. Деректер базасын басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқорғаныс. Интернет технологиялары. Бұлтты және мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Смарт технологиялар. Электронды технологиялар. Электронды бизнес. Электронды үкімет.												
Математикалық және жаратылыстану ғылымдарының негіздері	БП	ТК	Жоғары математика	<u>Мақсаты:</u> жоғары математиканың теориялық негіздері туралы түсініктерді қалыптастыру; қажетті өлшемдерді, олармен байланысты есептеулерді орындаудың практикалық дағдылары, кәсіби есептерді шешу үшін теоремаларды, формулаларды, математикалық әдістерді қолдану. <u>Мазмұны:</u> Матрицалар. Анықтауыштар. Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу әдістері. Векторлар. Жазықтықтағы түзудің және кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың әртүрлі теңдеулері. Екінші ретті қисықтар мен беттер. Функция. Функция шегі. Керемет шектеулер. Бір айнымалы функцияның дифференциалдық және интегралдық есебі. Жоғары ретті туындылар мен дифференциалдар. Функцияны зерттеу және график құру. Анықталмаған және анықталған интегралдар. Бірнеше айнымалылардың функциялары. Біріншіжәнеекіншіреттідифференциалдықтеңдеулер. Жолдар	5		V	V								
	БП	ТК	Математикалы	<u>Мақсаты:</u> ықтималдықтардың негізгі			V	V								

			қ статистика және ықтималдықтар теориясы	қасиеттері, оларды есептеу туралы білімді қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> сандық сипаттамалардың үздіксіз, дискретті кездейсоқ шамалары бойынша анықтама. Корреляциялық тәуелділікті талдау. Үлестіру функцияларының моменттерін бағдарламалық есептеу. Статистикадағы негізгі үлестірулерді бағалау (MMP). Minitab, stat Soft, state қосымшаларын практикада k-ретті ықтималдық модельдерін әзірлеу, біртектілік гипотезаларын, коэффициенттердің маңыздылығын, модельдердің сәйкестігін тексеру бойынша қолдану. Регрессиялық талдау жүргізу.													
БП	ТК	Физика	Физика	<u>Мақсаты:</u> білім алушыларда білімнің ғылыми әдісін қалыптастыру, ол үшін болашақ маманның біліктілік сипаттамалары негізінде курсты баяндауды қамтамасыз ету, студенттің классикалық және қазіргі физика арасындағы қарым-қатынасты және белгілі бір теориялар мен заңдардың қолданылу шекараларын игеруін қамтамасыз ету қажет. <u>Мазмұны:</u> классикалық және қазіргі физика заңдары; қазіргі ғылыми аппаратура және физикалық зерттеу әдістері; Қазіргі физикалық эксперимент әдістері қарастырылады. Теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижелерінің сенімділік дәрежесі бағаланады; эксперимент жоспарланады және оның нәтижелері өңделеді. Алынған білім физиканың әртүрлі салаларындағы нақты	5		V										

			есептерді шешу үшін қолданылады: механика, Термодинамика және молекулалық физика, электродинамика, оптика және т. б.															
БП	ТК	Кванттық механика негіздері	<u>Мақсаты:</u> кванттық механиканың сапалы және сандық әдістерін қолдана отырып студенттердің біліктілігін қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Кванттық физика және атом ядросының физикасы. Электромагниттік сәулеленудің кванттық табиғаты. Электромагниттік өрістің затпен әрекеттесуінің кванттық теориясы. Ядролық күштер. Атом ядроларының радиоактивті.			V	V											
БП	ТК	Жалпы биология	<u>Мақсаты:</u> негізгі биологиялық ұғымдар туралы білімді қалыптастыру, жетекші идеяларды игеру, кәсіби қызметте тиісті білімді қолдану дағдыларын дамыту. <u>Мазмұны:</u> Жануарлар әлемінің алуан түрлілігі. Тірі организмдердің негізгі қасиеттері. Тірі жүйелерді ұйымдастыру деңгейлері. Организм тіршілігінің морфологиялық, физиологиялық және биохимиялық аспектілері. Жасуша теориясы. Генетика және селекция негіздері. Ағаш және бұта түрлерінің биологиялық сипаттамалары.	5					V									
БП	ТК	Биосфераның құрылымы мен эволюциясы/	<u>Мақсаты:</u> Жер биосферасы, биосфераның тұтастығын сақтаудағы тірі ағзалардың рөлі туралы толық және бір мағыналы түсінік беру. <u>Мазмұны:</u> Биосфера туралы түсініктің қалыптасуын және Вернадский ілімін, биосфераның қызмет етуінің негізгі заңдылықтарын зерттейді. Биосфера						V		V							

				гомеостазының бұзылуының жағымсыз салдары. Тарихи өткеннің әртүрлі дәуірлеріндегі адам қызметі. Экологиялық дағдарыстар. Биосфераның тұрақтылығы мен динамикасы.													
Химиялық инженерия	БП	ТК	Жалпы химия	<u>Мақсаты:</u> бір заттың екінші затқа айналуының заттары, механизмдері мен әдістері туралы заманауи түсінік қалыптастыру; әр түрлі материалдардың, композициялардың, қосылыстардың қасиеттері; химиялық ойлауды дамыту; эксперименттерді орнату және жүргізу, есептер шығару, қорытындыларды тұжырымдау, химиялық тәжірибелердің нәтижелерін талқылау дағдылары. <u>Мазмұны:</u> Химияның негізгі ұғымдары мен заңдары. Бейорганикалық қосылыстардың кластары. Атомның құрылымы. Д.М.Менделеевтің периодтық заңы. Химиялық байланыстар. күрделі қосылыстар. Химиялық термодинамика. Химиялық реакциялардың жылдамдығы. Химиялық тепе-теңдік шарттары. Ерітінділердің түрлері. Ерітінділердің концентрациясын өрнектеу жолдары. Тұз гидролизі. Тотығу-тотықсыздану процестері. Электролиз процестері. Коррозия. Бейметалдар химиясы	4		V										
	БП	ТК	Бейорганикалық химияның теориялық негіздері	<u>Мақсаты:</u> Химиялық тәжірибе жүргізу, есептерді шешу бойынша химиялық ыдыстармен, реактивтермен және аспаптармен жұмыс істеу дағдылары дамиды. <u>Мазмұны:</u> Бейорганикалық қосылыстардың			V										

				кластары, атомның құрылымы, химиялық термодинамика және кинетика элементтері, ерітінділер мен электролиттік диссоциация туралы ілімдер, химиялық байланысты қалыптастыру әдістері, OVR, гидролиз, электролиз.													
БП	ТК	Инженерлік экономика	<u>Мақсаты:</u> Нарықтық жағдайда кәсіпорынның жұмыс істеуінің экономикалық механизмін зерделеу негізінде инженерлік-экономикалық есептеулерді орындаудың экономикалық ойлауы мен практикалық дағдыларын дамыту. <u>Мазмұны:</u> Инженерлік экономика, курстың мақсаты мен міндеттері. Кәсіпорынның негізгі белгілері, міндеттері мен функциялары. Кәсіпорынның негізгі және айналым капиталы. Кәсіпорын қызметкерлері. Кәсіпорындағы еңбек акы. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық қызметі. Кәсіпорынның өндірістік қызметін жоспарлау. Кәсіпорынның маркетингтік қызметі. Өндіріс шығындары және өнімнің өзіндік құны. Пайда және пайдалық. Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі.	4						V				V			V
БП	ТК	Өндірісті ұйымдастыру және менеджмент	<u>Мақсаты:</u> Өндіріс пен басқарудың кәсіпкерлік қызметі туралы білімдерін қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық өндіріс, экономикалық жүйелердің түрлері және өтпелі экономиканың заңдылықтары. Нарықтық экономиканың мәні мен қызмет							V							V

				ету механизмі, сұраныс пен ұсыныс теориясының негіздері, капиталдың мәні, капиталдың айналымы мен қайтаайналымы.													
БП	ТК	Стандарттау, сертификаттау және метрология	<u>Мақсаты:</u> Өзінің кәсіби қызметі барысында өнім, қызмет және жұмыс сапасы мен өлшем бірлікті қамтамасыз ету бойынша мәселелерді шеші үшін стандарттау, сертификаттау және метрология саласындағы теориялық білімі мен практикалық дағдысын қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Стандарттау, сертификаттау және метрология нысандары. Стандарттау, техникалық реттеу, метрология және сәйкестікті растау жүйелерінің құқықтық, нормативтік-техникалық базалары. Стандарттаудың жалпы ғылыми және арнайы әдістері. Сертификаттау және декларациялау схемалары. Өлшеудің түрлері мен әдістері. Өлшеудің анықталмағандығын және қателігін есептеу. Метрологияның техникалық негізі. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатудағы халықаралық сапа жүйесінің ролі.	4						V		V	V				
БП	ТК	Техникалық реттеу негіздері және өлшеу бірлігін қамтамасыз ету	<u>Мақсаты:</u> Физикалық шамалар, олардың өлшем бірліктері, эталондар және тексеру схемалары туралы білімді қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Стандарттаудың ғылым ретінде пайда болу тарихы. Мемлекеттік стандарттау жүйесінің ережелері. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы "ҚР Заңы. Жүйелік қателіктер, оларды жою әдістері. Кездейсоқ қателіктердің таралу заңдылықтары, нүктелік, аралық бағалау.						V		V						

				Өнімді штрихкодтау, оның мақсаты және қолдану тәртібі.													
Экология негіздері	БП	ТК	Мамандыққа кіріспе	<u>Мақсаты:</u> мамандық ерекшеліктерін ашу, қоршаған ортаның жағдайын талдау бойынша білімдерін қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Университет құрылымы: ректорат, жоғары мектеп, кафедра. Экологияның негізгі заңдылықтары, тірі ағзалардың қоршаған ортамен әрекеттесуі, жер ресурстары, атмосфералық ауаның ластануы, су ресурстары және олардың зардаптары, табиғи ресурстар және табиғатты ұтымды пайдалану. Қазіргі заманның әлеуметтік-экологиялық мәселелері, Қазақстанның экологиялық проблемалары.	4					V	V						
	БП	ТК	Академиялық жазу негіздері	<u>Мақсаты</u> - академиялық жазу негіздері бойынша дағдыларды қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Эссе, реферат, реферат, курстық жұмыс, курстық жобалар, дипломдық жұмыстар, бітіру жұмыстары және/немесе жобалар сияқты академиялық мәтіндерді құру және редакциялау. Баяндамалар мен презентациялар жасау дағдыларын қалыптастыру. Библиографиялық сипаттаманы дұрыс құрастыру дағдыларын қолдану. Стратегиялық, басқарушылық, қаржылық міндеттерді шешу кезінде алған білімдерін тәжірибеде көрсету.		V	V										V
			Оқу практикасы	<u>Мақсаты:</u> Мамандыққа кіріспені қарастырады. Шымкент қаласының төңіректерімен танысу. <u>Мазмұны:</u> Студенттерді Шымкент қаласы, Түркістан облысы және жалпы Қазақстан	1				V	V							V

				Республикасының экологиялық мәселелері мен биологиялық әртүрлілігін зерттейді. ҚР және Оңтүстік Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы жиналған материал нәтижелерін ресімдей білу.													
БП	ТК	Экология және тұрақты даму	<u>Мақсаты:</u> экологиялық дүниетанымды, қоршаған ортаны сақтауға және қоғамның тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған бағдарламалардың терең жүйелі теориялық және практикалық білімі қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Экология және қазіргі өркениеттің мәселелері. Аутоэкология-организмдердің экологиясы. Демэкология-популяция экологиясы. Синэкология-қауымдастық экологиясы. Биосфера және оның тұрақтылығы. Биосфераның эволюциясы. Тірі зат туралы түсінік. Қазіргі биосфера. Жаһандық Биогеохимиялық циклдар. Экологиялық дағдарыс және қазіргі өркениеттің мәселелері. Тұрақты дамудың стратегиялары, мақсаттары мен принциптері. Экоэнергетика. ХХІ ғасырдың орнықты дамуының жаһандық энергоэкологиялық стратегиясы. Су-ХХІ ғасырдың стратегиялық ресурсы. Жаңартылатын энергия көздері. ҚР экологиялық саясаты. Қазақстан Республикасының орнықты даму Тұжырымдамасы.	3				V	V								V
БП	ТК	Жаратылыстанудың экологиялық аспектілері/	<u>Мақсаты:</u> қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдары кешенінің әртүрлі бағыттарында іргелі білімді қалыптастыру, жаратылыстану ғылымдарының жалпы әдіснамасын меңгеру;					V	V								V

				<u>Мазмұны:</u> Жаратылыстану-ғылыми таным процесі. Биологияның экологиялық аспектілері. Биологиялық экология. Химияның экологиялық аспектілері. Химиялық экология. Қоршаған ортадағы ластаушы заттардың химиясы. Физиканың экологиялық аспектілері. Физикалық экология. Техногендік физикалық ластану және табиғи фон. Жердің отын-энергетикалық ресурстары. Биосферадағы энергия ағындары. Энергия алмасу. Дәстүрлі энергия көздерін пайдаланудың экологиялық салдары. ХХІ ғасырдың орнықты дамуының жаһандық энергоэкологиялық стратегиясы. G-Global жобасы. Төмен көміртекті даму және Жасыл экономика. Тұрақты даму үшін жаһандық серіктестік.														
КП	ТК	Жануарлар, өсімдіктер экологиясы және биогеография	<u>Мақсаты:</u> тірі организмдердің биологиялық әртүрлілігі мен ареалдарын сақтау үшін білім, білік және адамгершілік жауапкершілікті қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Жануарлар мен өсімдіктер экологиясы, Биоәртүрлілікті жүйелеу мәселелері. Биогеографияның даму кезеңдері, жеке биогеографиялық телімдердің сипаттамасына организмдердің жалпы таралуын білу. Түрлердің таралу ерекшеліктері, олардың тарихы, биологиялық объектілердің аудандарын картаға түсіру.	5				V	V									
КП	ТК	Ландшафттану экология негіздерімен	<u>Мақсаты:</u> табиғи және табиғи-антропогендік ландшафттармен танысу, табиғи-аумақтық кешендердің құрылымы,					V	V	V								

				олардың қызметі, динамикасы мен эволюциясы туралы білімді қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Кіріспе. Ландшафт ғылымының даму кезеңдері. дәріс сабағы. Ландшафттанудың негізгі теориялары мен әдістемелері. Ландшафт сферасының негізгі нұсқалары. Ландшафттанудың тұжырымдамалық негіздері. Ландшафттың табиғи компоненттері. Ландшафттың морфологиялық құрылымы. Ландшафт классификациясын құру тәсілдері. Пейзаждардың тарихы мен генезисі. Ландшафт динамикасы. Ландшафттық кеңістік-уақыт. Табиғи антропогендік ландшафттар туралы ілім. Заманауи ландшафттарды оңтайландыру. Ландшафттарды функционалды пайдалану. Антропогендік ландшафттарды бағалаудың принциптері, әдістері мен бағыттары. Ландшафттық және экологиялық картаға түсіру. Қазақстан Республикасының ландшафты аудандастыру.												
